

2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 138 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 шілдеде № 8571 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6–бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына, 62-бабының 6-тармағына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2019 жылға арналған Әуликөл ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімдіктің
2019 жылғы 3 шілдедегі
№ 138 қаулысына қосымша

2019 жылға арналған Әуликөл ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

--	--	--	--	--

№ р/с	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
			Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Б і р тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)	
1	Әулиекөл ауданы Әулиекөл ауылы	"Әулиекөл ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің " Айгөлек" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	165	32092	үш жасқа дейін 6500 үш жастан бастап 7000
2	Әулиекөл ауданы Әулиекөл ауылы	"Әулиекөл ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің " Ақбота" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	170	30579	үш жасқа дейін 6500 үш жастан бастап 7000
3	Әулиекөл ауданы Аманқарағай ауылы	"Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің " Бөбек" Аманқарағай бөбекжай бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	95	34965	үш жасқа дейін 6500 үш жастан бастап 7000
4		"Құсмұрын кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің " Ромашка" бөбекжай-бақша	120	31002	үш жасқа дейін 6500

	Әуликөл ауданы Құсмұрын кенті	сы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны			үш жастан бастап 7000
5	Әуликөл ауданы Құсмұрын кенті	"Құсмұрын кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің " Балапан" Құсмұрын балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	50	41905	үш жасқа дейін 6500 үш жастан бастап 7000
6	Әуликөл ауданы Құсмұрын кенті	"Құсмұрын кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің " Қарлығаш" Құсмұрын балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	75	34274	үш жасқа дейін 6500 үш жастан бастап 7000
7	Әуликөл ауданы Новонежинка ауылы	"Новонежин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің " Новонежин Балдәурен" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	50	32708	үш жасқа дейін 6000 үш жастан бастап 6000
8	Әуликөл ауданы Әуликөл ауылы	"Әуликөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Әуликөл бастауыш мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік шағын орталық	50	30579	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК